

## НҰРЛАН БАЛҒЫМБАЕВТЫҢ туғанына 70 жыл

# МҰНАЙШЫ ҚАЙРАТКЕР АЗАМАТ



Біздің жоғары оқу орнын бітіріп, мұнайшы инженер дипломымен сағе оралған сәтіміз — Еділ-Жайық көс өзені аралығында «қара алтын» кені табылып, бұрындары марғау кейіпте, тып-тыныш жатқан, негізінен төрт түлік мал өсірумен шұғылданатын Нарын өңірінде жана өндірістің сіді-сіді аяқтан тік тура бастаған сәтіне дөп келді. Отыздың ар жақ бер жағындағы өңксі жас мамандар бүгінде Саатанат Балғымбаев есімімен аталатын Мартыши кенішінде бас қостық. Көпшілігіміз бірімізді біріміз сонау Алматыдағы атакты политехникалық институттын қабырғасынан, студенттік шақтан танытындармыз. Солардың бірі — Нурлан Өтепұлы Балғымбаев болғандығын бүгінгі оның тустастары, жұмыстастары мақтанышпен еске алады.

3-бетте >>>

## Бүгінгі санда:



Өзгерісті өзімізден бастайық

2 >>>



Бағымызға ашылған балабақша

5 >>>



Арнайы техникаларды жаңарту жоспарланды

7 >>>

# ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ



## АЛҒАШҚЫ ФОРУМЫ ӨТТІ



Қазан айының соңғы жексенбісі елімізде әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің күні. Осынау төл мереке қарсаңында, яғни қазанның 27-і күні Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялар тобы әлеуметтік саясат саласы қызметкерлерінің алғашқы форумы болып өтті.

Алқалы жиынға «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ және төрт мұнай-газ өндіру басқармаларының, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы, Өндірістік-техникалық қызмет көрсету және жабдыктармен комплектациялау, «Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай дайындау және өндірістік қызмет көрсету, Мұнай өнеркәсіп қондырғылары және технологиялық коммуникацияларды жөндеу, Ұңғымаларға қызмет көрсету, Химияландыру және экология, «ӨзенэнергоМұнай», Технологиялық транспорт басқармаларының, «Технологиялық транспорт және ұңғымаларға қызмет көрсету басқармасы» ЖШС, «Су өндіру және тасымалдау басқармасы» ЖШС, «Argumak TransService» ЖШС, «ТулапарМұнайСервис» ЖШС, «ҚазГӨЗ» ЖШС, «KMG EP-Service» ЖШС, «Урал Ойл энд Газ» ЖШС әлеуметтік және әкімшілік-шаруашылық сала жетекшілері мен мамандары қатысты.

Форумның ашылуында сөйлеген «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Аппарат жетекшісі Бауыржан Асқаров қатысушыларға алдымен кәсіби мерекеге орай ҚМГ БӨ бас директоры Құрманғазы Есқазиевтің құттықтауын жеткізді. Өз баяндамасында Б. Асқаров «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ компаниялар тобындағы әлеуметтік салада

атқарылған жұмыстарға, болашақта маңыз беретін мәселелерге тоқталды.

«Бүгінгі шара ҚМГ БӨ компаниялар тобының маңызды оқиғасы десем артық айтқаным емес, өйткені компанияның тұрақты дамуында корпоративтік әлеуметтік құрылымдардың рөлі зор, ал мәселелерді бірлесіп талқылау қажеттілігі өзекті болып табылады. Сондықтан біз бүгін

компанияның әлеуметтік міндеттемелерін орындау бойынша жұмыс барысында кездесетін проблемаларды айтып, оларды түсіну мақсатында алғаш рет осындай кеңейтілген форматта жиналып отырмыз.

4-бетте >>>

Әлихан БАЙДҮЙСЕНОВ,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Перспективалық даму жөніндегі  
басқарушы директоры:

# ӨЗГЕРІСТІ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ



## ЖАҢА БАҒЫТҚА БЕТ ТҮЗЕДІК

Бүгінгі қоғамның біздің алдымызға қойып отырған талабы – өркениет көшінен қалмай, заманауи өзгерістерге дайын болуымыз қажеттігі. Бұл орайда айтарымыз, қазақ мұнайының бастауында тұрған «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы ғасырдан астам уақыт игеріліп келе жатқан кен алаңдарының жұмысына тың қадамдарды батыл енгізіп отыр. Өндіріс шығындарын оңтайландыру және еңбек тиімділігін арттыру мақсатында Компанияда бірнеше пилоттық жобалар іске қосылды. Солардың арасынан қысқа мерзім ішінде өзінің тиімділігін көрсетіп үлгерген 3 жобаны ерекше атап өтуге болады. Олар: «Интеллектуалды кен орны», «Материалдық-техникалық қамсыздандырудың тиімділігін арттыру» және «Техникалық қызмет көрсету мен құрал-жабдықтарды жөндеу барысын арттыру» жобалары. Әр жобаның өзіндік мақсаты мен маңызы бар. Соған орай ерекше атап өтеріміз, мұнай өндіру көрсеткішін тұрақтандырып, өндірісте еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауды басты мақсат етіп отырмыз. Енді, маңызды саналған осы 3 жобаға жекелей тоқталайын.

«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 2015 жылы қолға алынған «Интеллектуалды кен орны» пилоттық жобасы «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты «Уаз» кенішінде өндіріске енгізілді. Уаз кен алаңындағы өнім өндіру мен дайындауға қатысты барлық өндіріс процестері онлайн ережесі бойынша бақылау мен технологиялық басқару кешенді құрылғылармен жабдықталды. Пилоттық жоба екі жылда өзінің нәтижесін де көрсетті. Мұнай өндіру көлемі шамамен 3 пайызға көбейсе, операциялық шығындар қысқарып, электр энергиясын үнемдеу 20 пайыздан астамға артқан. Сонымен қатар, ұңғымаларды жөндеуаралық кезеңді ұлғайту арқылы мұнай өндіру артып, шығын азайды. Өзінің тиімділігін көрсеткен бұл тәжірибелерді «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның құрамына кіретін компанияларға (олардың саны – 14) тарату көзделіп отыр.

Екінші жобаға келер болсам, ол материалдық-техникалық қамту барысын оңтайландыру

мақсатында қолға алынған тың бастама. Оған қатысты ауыз толтырып айтар табысымыз да жетерлік. Ең алдымен, компаниядағы барлық өндіріс процестері автоматтандырылды. Мамандарымыздың бірыңғай ақпараттық жүйеде қызмет етулеріне мүмкіндік жасалды. Енді өндіріске қажетті ақпаратты жедел түрде алуға және сапалы шешімдерді дереу қабылдауға мүмкіндік бар. Материалдық-техникалық қамту барысы стандартталған, реттелген, жүйеленген және тауар, қызмет, жұмыстардың анықтамалығы бірыңғайланған. Олар жұмысты жақсартуға мүмкіндік жасады.

Ал, үшінші жобаның мақсаты қызмет көрсету мен құрал-жабдықтарды жөндеу бойынша тұрып қалулар санын азайту, болжанбаған сатып алуларды қысқарту, мұнай кәсіпшілігі қондырғыларының жөндеуаралық кезеңін арттыру және қызмет көрсету мен жөндеудің сапасын көтеруді жоспарлау арқылы өндірістің тиімділігін арттыру. Бұл жоба бүкіл жұмыс барысын автоматты түрде қадағалап отыруға мүмкіндік берді.

## ЖҰМЫС БІРДЕН ЖЕҢІЛДЕМЕЙДІ

Дегенмен де, «Интеллектуалды кен орны» жобасы бойынша енгізілген жаңа технологиялар кен орнындағы жұмысшылардың еңбегін жеңілдетті деп айту әзірге ерте. Мамандар әлі де жаңа процестерді үйренуде, олардың жаңалықты толық меңгеруі жолында жұмыстар жүріп жатыр. Ал, өндіріс жаңалықтарының күнделікті жұмысымызға тұрақты өнуі үшін уақыт керек. Алдағы 2-3 жылда бұл жұмыстың нәтижесін көреміз деп жоспарлап отырмыз. Ол бойынша бүгінгі таңда қажетті дерекқор, статистика жиналуда.

Ал, осы процестермен тікелей жұмыс жасайтын акционерлік қоғамның орталық аппаратындағы қызметкерлер жайлы сөз қозғасақ, олардың күнделікті жұмысы айтарлықтай жеңілдеді. Себебі, бұрынғыдай емес, ақпаратты жинау мерзімі едәуір қысқарды және оңтайландырылды. Бұрын ондаған Excel файлдарды жинауға, тексеруге және өңдеуге тым көп уақыт жұмсалудан қоса, оның барысында қате жазу, дұрыс тексермеу іспетті адами фактордың тәуекелі орын алу ықтималдығы бар еді. Бұл мәселе бүгінде толық шешімін тапты. Қазір аталған процестердің автоматтандырылуы SAP бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Сондықтан қызметкер оның тілін меңгеріп, қызмет етуге дағдыланады. SAP дегеніміз қарапайым тілмен айтқанда, құжаттарды автоматтандыру.

«Бұл бағытта барлығын жаңа бастадық, енді ғана қолға алып жатырмыз» деп айтуға болмайды. Бұған дейін 2007 жылы компанияда SAP-тың белгілі бір модульдері енгізілген. Бухгалтерия, қазынашылық, кадрлық қызметтер іспетті қаржылық-есептеу процестері өзгерістерге барынша әзір болған. Сондықтан оларды бірінші кезекте автоматтандыруға кірістік. Ал өндірістік процестер одан тысқары қалды. Бірақ тек қаржылық процестерді автоматтандырған кезде қандай сын-қатерлер туындайды? Біз тек шығындарды жедел және дәйекті түрде есептей аламыз. Ал егер өндірістік процесс жүйеленбесе және оңтайландырылмаса, онда ешбір қаржылық-есептеу жүйесі оған қолғабыс ете алмайды. Сондықтан өндірістік процестер біріздендірілді.

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН – АДАМДАР

Шыны керек, бастапқыда трансформация бағдарламасы басталған кезде көпшілік

бұл жаңалықты ерекше сақтықпен қабылдады. Олардың арасында ішінара келеңсіз көзқарастардың байқалғаны да рас. Жұмысшылар бірден «жұмыс орындары қысқарады екен» деп күдіктенді. Ал, оның себебі мәселені жете түсінбеуден ғой. Белгісіз, түсініксіз нәрсеге тап болған кез келген адамның бойын үрей билеп алатыны да рас. Бірақ трансформация бағдарламасы о баста өз алдына мұндай мақсат қоймады. Жүргізіліп отырған трансформацияның негізгі мақсаты – тиімділікті арттыру және байырғы кен орындарының өмірін ұзарту. Бірінші кезекте бұл – қауіпсіз және тиімді өндірістің кепілі. Өндірісті оңтайландыру және автоматтандыру бойынша біздің жобаларымыз адамдарды қысқартуды қарастырмайды. Оған жұмысшылар мен қызметкерлер бүгінде көз жеткізіп жатыр. Яғни, ол ең алдымен шығындарды азайтып, үнемдеуге баса көңіл бөлу. Бүгінде нарықтағы мұнай бағасы төмен екенін бәрі біледі. Сол себепті «көрпеңе қарай көсілу» қажет. Алайда, жұмысшылар арасында бұл өзгерістердің негізгі мақсаттарын, оның әрбір маман үшін тиімділігін жеткізу, жан-жақты түсіндіруді қаперден шығармауға тиіспіз. Жаңалықты өндіріске енгізуде көбіне технологияларға немесе процестерге ғана баса мән беру – үлкен қателік. Себебі процестерді адамдар жүзеге асырады. Сол себепті, ең алдымен жаңалық маманға қаншалықты түсінікті деген мәселеге аса мән беруіміз қажет. Тұтастай алғанда, дағдарыс және мұнайдың бағасы төмен болып тұрған жағдайда да біз жұмыс орындарын сақтауды көздейміз. Ұжым ретінде біздің мақсатымыз – осы қиын кезеңде бірігу және компанияның тиімділігін көтеру үшін еңбек ету.

Мен өзім трансформация бағдарламасын жүргізуде біраз тәжірибе жинақтадым. Астана қаласында қолға алынған барлық жобаларға жетекшілік жасадым. Бұл аса маңызды, күрделі жұмыс. Бүгінгі таңда осы бағыттағы жұмысымыз Атырауға қоныс аударды, «Ембімұнайгаз» АҚ-да жалғастырып отырмын. Айта кетерлігі, компанияда осы мақсаттағы жұмыс тиімді жүргізілуде. Ғылыми-техникалық ілгерілеу қарышты қадаммен дамуға бет алды. Тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін барлық өзгерістерді қаперге алу керек. Бәсекеге қабілетті болу – өмір талабы, ол үшін компаниямен қатар әрбір қызметкер өз-өзін дамытуды қолға алулары тиіс. Кәсіпорын бизнес-процестерді оңтайландырып, өзінің тиімділігін арттырса, әр маманға өзінің білім көкжиегін кеңейту аса қажет.

## Темірге түйін түйген ЕРХАН



Бала күнінен еңбектің қазанында қайнап, істің ебін білген Ерханға темір жонушы мамандығын игеру қиындық туғызған жоқ. Машина жасау және металл өңдеу, металл кесуші құрылғылар маманы деген жоғары білімі бар. «Теория керек, ал тәжірибе жүзінде білу – одан да маңызды», – дейді Ерхан Сүгіров.

25 жыл темір жонушы болған Ерхан бұл қызметке қатысты өзгелердің пікірін түбегейлі өзгерте алады. «Темір жонушы математикаға мықты болу керек. Есептемесең, еткенің еш. Химия мен материалтануды білмесең, апатты жағдайға апарар құрылғы дайындап бересің. Физиканы меңгермеген болсаң, металдың қасиетінен хабарсызсың. Қауіпсіздік ережелерін сақтамайтын болсаң, цехқа кірмей-ақ қой», – дейді ол.

Мамандығының қыр-сырын меңгерген Ерхан Сүгіров 2014, 2015 жылдарда «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ еншілес мекемелері арасында өткен, яғни «Үздік маман» байқауларының 3-ші кезеңдерінің жеңімпазы. Екі жыл қатарынан 4 бірдей мекемеден дара танылған темір жонушыларды өзінің кәсіби білігі, шеберлігі, ұқыптылығы арқасында жеңді. 2017 жылдың байқауында да соңғы бөлімге жолдама алып, жеңімпаз атанды. Сайыста темір жонушыларға қойылатын сан талап – сапа, шапшаңдық, тазалықты ол мүлтіксіз орындайды. Ерханның жонған темірлері құдды темір емес, айна дерсін! Сапасына да талайлар сын айта алмаған.

Жалақы үшін жұмыс жасайтындардан жақсы маман шықпайтынын айтады ол. Адалдық пен ізденімпаздық – барлық салада адамды алға сүйрейтін жақсы қасиеттер, – дейді. «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» дейтін Ерхан Сүгіров өзі қызмет ететін МӨҚЖТҚЖБ-ның бұрынғы темір жонушылары, қазіргі технолог мамандары Сүйіндік Ақжігітов пен Сырлыбай Мұхановты тек жұмыстас емес, рухтас, тілектес жандар деп біледі. Себебі әр жеңісті сәттерінде олардың ақыл-кеңестері пайдаға асып, қажетіне жараған. Ал өзі жұмыс барысында кейінгі жас мамандарға көмектесуден, білгенін үйретуден жалыққан емес.

Барлық қозғалысы темірге «тірелген» мұнай-газ өндірісінде темір жонушының рөлі зор.



Көрнекті сурет. Уаз кен орны



Көрнекті сурет. Уаз кен орны

# МҰНАЙШЫ ҚАЙРАТКЕР АЗАМАТ



**Б**ір сәт өткенге ой жіберіп, сол бір жастық жігеріміз жасымаған күндерді еске алсақ, бүгінгі толқынға ұялмай өнеге етер тұстарымыз бар екендігіне риза боламын. Шындығында да, «Жайықмұнайгаз» басқармасы мұнайшы кадрларын шыңдау мектебі, бір сөзбен айтқанда жас мамандар ұстаханасы болған

екен-ау. Өріге бармай-ақ, жаңадан шаңырақ көтерген басқармада сол жылдары бастарымыз қосылған тұстастарымның кейбіреуін атап өтер болсам, жоғарыдағы сөзімнің куәсі болары ақиқат. Олар: Нұрғалиев Майданбек, Дүзбаев Сатыбай, Құлбаев Балтабек, Қылыбаев Мақсот, Балдуев Ю.В., Сутягин В.А., Ахметов Баймұрат, Жакиев Орынбай, Райымбергенов Оңайжан, Табынбаев Бисенбай, Қонысқалиев Ардақ, Нұрғалиев Бағытжан және т.б. айта берсем, бұл тізім жалғаса берер еді. Солардың қақ ор-

тасында Нұрлан Балғымбаев ойып тұрып орын алатын. Нұрлан бұдан 39 жыл бұрын, 1978 жылы «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасына өндірістік жабдықтау базасы бастығының орынбасары болып жұмысқа келді. База бастығы Шоманов Серік деген азамат болды. Мен де сол жылдары жолдамамен Жайыққа келгенмін. Нұрланды бұған дейін институтта курстас ретінде білетінмін.

Өлі есімде, 1978 жылы Ровный кен алаңы өндіріске қосылды. Оның мұнайы жеке құбыр арқылы Мартыши алаңындағы орталық мұнайды жинау және дайындау пунктіне құйылатын болды. Сол жылдары Қамысты, Ровный, Жаңаталап кен алаңдарында қосымша жүргізілген бұрғылау жұмыстарының нәтижесінде жаңадан өнім беретін қырыққа тарта ұңғыма өндіріске қосылды. Жайғастыру жұмыстарының жобаға сай жүруін бақылауға алып, ұйымдастыру, ұңғымалардың белгіленген мерзімде іске қосылуын қамтамасыз ету басқарманың өндірістік қамтамасыз ету базасы бастығының орынбасары ретінде Нұрлан Өтепұлына жүктелген болатын. Алайда ұңғымаларды талапқа сай, мерзімінде іске қосу оңай іс емес еді. Теңіз табаны астының топырағы өте ащы, сортақты болып келгендіктен сәл су тисе, мұнайшылар толарсақтан саз балшықты кешіп, техника біткен жер-жерде тұралап тоқтап қалатын кездер көп болады. Әсіресе, ұңғымалардың жер асты жабдықтарын жөндеу жұмыстарының жағдайы өте ауыр болды. Міне, біздер Нұрлан Өтепұлының сол жылдары жаңа ұңғымаларды жайғастыру жұмыстарының жобаға сай және сапалы жүруін бақылау, ұйымдастыру мен уақытында іске қосу жұмыстарында өз ісін жетік білетін жоғары дәрежелі маман және шебер ұйымдастырушы екеніне куә болдық. Нұрлан жеті-сегіз айдан соң, 1979-1981 жылдар аралығында аталған басқарманың бас инженерлігіне тағайындалды. Бұл жылдарды қос өзен аралығындағы мұнай өндірісінің өзінің кемеліне келген шағы деп айтуға болады. 1980 жылы «Жайықмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасы бойынша өнім өндірудің ең жоғарғы шегіне қол жеткізілді. Бұл жылда мемлекетке өткізілген «қара алтын» мөлшері бір миллион тоғыз жүз тоғыз мыңға жеткізілді. 1981 жылы Қамысты кен алаңы бойынша отыз төрт, Жаңаталап кен алаңы бойынша жиырма ұңғы жаңадан бұрғыланып, өндіріске қосылды. Міне, жұмыс та жүріп жататын, жо-спар да орындалып жататын, адамдардың да уақытпен санаспай еңбек еткен жылдары осы кезеңдер болатын. Ал, бұл жетістіктерге жетуде бас инженер Н. Балғымбаевтың біліктілігі, алғырлығы үлкен роль атқарды. Ол өндірістің проблемалы тұстарын дөп басып, уақталып жатпай, тез шешім қабылдай білетіндігімен ерекшеленетін. Сол жылдары басқарманың табыс биігінен көрінуінде оның еңбегі зор болғандығына куә болдық.

Нұрлан Өтепұлы қос өзен аралығында еңбек жолын бастап, тәжірибе жинақтағаннан кейін біртіндеп мұнай өндірісі саласындағы

басшылық қызметтерде жоғарылай берді. Кейіннен Нұрланның КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінде жауапты жұмыс атқарып жүрген кезінде кездесіп қалдым. Ол мені бірден танып, құшақтасып, амандасып жатыр. Бұны жазып отырғаным, сондай үлкен мансапта жұмыс жасаса да, өзінің кішіпейілділігі ғой деп ойладым. Қазақтың «Ұлық болсаң, кішік бол» дегені осындайdan қалған екен деген ой келді.

Жақсының артында елге істеген үлгі ісі, үлгі етер өнегесі қалады. Соның куәсіндей жергілікті халық – исатайлықтар Нұрланды жиі-жиі еске алады. Себебі, «Қазақойл» Ұлттық мұнай компаниясының президенті, Республика мұнай-газ өнеркәсібі Министрі, кейін Қазақстан Республикасының Үкімет басшысы лауазымына дейін көтерілген азамат кезінде өзінің тікелей тапсырмасымен Исатай ауданы орталығынан мектеп құрылысына 394 миллион 668 мың теңге қаржы бөлген болатын. Еліміз тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне тарту етілген Аққыстау селосында бой көтерген 784 оқушыға арналған Абай есімімен аталатын осынау үш қатарлы ғимарат бүгінде жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде игі мақсатқа пайдаланылуда. Бұл – Нұрланның кезінде өзінің еңбек жолы басталған елге деген құрметі, ілтипаты деп сезінеміз.

Тағдыр ұзақ ғұмыр сүруді Нұрекеңнің пешенесіне жазбаған екен. Жетпіске жетпей жатып, бақиға аттанды. Белгілі өндіріс жетекшісі, еліміздің мұнай өндірісі саласының, Республика үкіметінің басшысы болған ардақты азаматтың өмірінің қысқа болғанына пенде ретінде өкінесің де. Алайда абзал азаматтың кәсіби қамқаракетін, қоғамдық қызметін ой елегінен өткізіп, сараласақ, бұл пікіріміздің жаңсақтығына көз жеткізесіз. Нұрекең, менің пайымдауымша саналы ғұмырының әр жылында нағыз тұлғаға сай еселі еңбек етті. Оның жарқын істері ел есінде, жұртшылық жадында. Белгілі жылойлық ақын Аманжол Ершуов ертеректе жазған бір өлеңінде: «Біреуде қарт та болса шалалық бар, біреуде жас та болса даналық бар», – деген еді. Сөз зергерінің көрегендігін Нұрекеңнің өмір жолының өзі-ақ дәлелдеп тұр емес пе.

Өлбетте, ел мен жер – егіз ұғым, бірінсіз бірі жоқ. Әркім өзінің туған жерінде қадірлі. «Ерден аспақ бар, ал елден аспақ жоқ» дейді халық даналығы. Сол айтқан, әрбір жұмыр басты пенде өзінің пешенесіне жазылған қамшының сабындай қысқа өмірінің ішінде елім деп еңіреп, жерім деп тау қопарып, тас қашаса, Толағай атанары хақ. Ел құрметіне бөленері сөзсіз. Сондықтан елі мен отаны үшін аянбай тер төгіп еңбек еткен азаматтардың есімін біз әрқашан да ризалық сезіммен еске алып отырамыз. Бір сөзбен айтқанда, Нұрлан Өтепұлы біздің арамызда біліктілігімен, алғырлығымен, қарапайымдылығымен, адамгершілігімен, достыққа беріктігімен есте қалды.

**Бағыт Сматуллин**  
«Ембімұнайгаз» АҚ ардагерлер Кеңесінің төрағасы

## ӨМІРДЕРЕК

Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев 1947 жылғы 20 қарашада Гурьев (қазіргі Атырау қаласы) қаласында дүниеге келді. 1973 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын тәмамдады. Еңбек жолын 1964 жылы моторист көмекшісі болып бастады. 1973-1977 жылдар аралығында «Маңғыстаумұнай» бірлестігінің ұңғымаларды жерасты жөндеу, мұнай өндіру операторы, шебері, ауысым басшысы, аға инженері болып жұмыс істеді. 1977-1994 жылдары «Ембімұнай», «Ақтөбемұнай»,

«Басмұнайгазөндеу» бірлестіктерінде, КСРО Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің мұнай өңдеу жөніндегі бас басқармасында басшы лауазымдық қызметтер атқарды. 1992-1993 жылдары Массачусетс университетінің тыңдаушысы болды. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрі болып тағайындалды, 1997 жылы «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ басшысы болды. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Н.Ө. Балғымбаев Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі болып тағайындалды және екі жыл бойы Қазақстан Республикасының Үкіметіне басшылық жасады. 1999-2007 жылдар аралығында «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ, «Қазақстанның мұнай инвестициялық компаниясы» АҚ басқарды. 2007 жылғы желтоқсан мен 2011 жылғы қараша аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесшісі лауазымын атқарды. Н. Балғымбаев соңғы жылдары «ҚазМұнайГаз» салынып жатқан кәсіпорындары дирекциясының бас директоры болып жұмыс істеді. Нұрлан Өтепұлының ел алдындағы еңбегі 2-ші дәрежелі «Барыс» орденімен, көптеген медальдармен және құрметті атақтармен атап өтілген. Қазіргі Қазақстанның қалыптасуына, отандық мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына Нұрлан Өтепұлы Балғымбаев елеулі үлес қосты. Тірі болса биыл 70 жасқа толар еді. 2015 жылы 68 жасында Қазақстан Республикасының көрнекті саяси және мемлекет қайраткері Нұрлан Балғымбаев дүниеден озды.



## 1-бетте

**К**МГ БӨ еншілес және тәуелді ұйымдарының әлеуметтік қызметкерлерінің алғашқы слетін Ақтау қаласында өткізуіміз кездейсоқ емес. Мұнда, еліміздің батысында біздің негізгі активтеріміз, бірлескен кәсіпорындарымыз, мұнай сервистік компанияларымыз шоғырланған. Тиісінше, бұл өңірде ҚМГ БӨ компаниялар тобы қызметкерлерінің ең көп саны еңбек етеді – жұмыс істейтін 26 мың адамның 18 мыңнан астамы. Бұдан басқа, мұнда 130 мың тұрғыны бар Жаңаөзен қаласының тіршілігі тікелей байланысты, қала қалыптастырушы «Өзенмұнайгаз» кәсіпорны, сондай-ақ мұнай сервистік ұйымдарымыз жұмыс істейді. Сол себепті бұл тәжірибелік бірлескен кездесулердің жақсы дәстүрін Маңғыстау өңірінен бастауды жөн көрдік. Болашақта осындай жиналыстарды өткізуді дәстүрге айналдырып, басқа да өңірлерде өткізетін боламыз.

Қазақстанның мұнай саласы ел экономиканың маңызды қозғаушы болып табылатыны баршаға мәлім. Мұнай секторының компаниялары мемлекет бюджетін толықтырып қана қоймай, Ұлттық қордың активтерін қалыптастырады, сондай-ақ өз қызметкерлерін әлеуметтік жағынан қамтамасыз етумен қатар өңірлерге үлкен әлеуметтік қолдау көрсетеді. ҚМГ БӨ-нің өндірістік активтері Қазақстанның төрт облысында орналасқан, онда 26 мыңнан астам адам еңбек етеді. Осы адамдардың отбасы мүшелерін санағанда, ең төменгі бағалаулар бойынша 100 мыңнан астам адамның әл-ауқаты тікелей компанияға байланысты. Егер де елдің әлеуметтік өміріне нақты қатысуын айтатын болсақ, 2004 жылы ҚМГ БӨ құрылған сәтінен бастап Компания Маңғыстау, Атырау және Қызылорда облысында аурухана, мектеп, жолдар мен басқа да әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысына 51 миллиард теңгеден артық қаражат бөлді», – деді Б. Асқаров.

Көптеген әлеуметтік нысандар Жаңаөзен қаласында да бой көтерді. Олар тұрғын үй құрылысы, медициналық, спорттық-сауықтыру нысандары. ҚМГ БӨ өз қызметін жүргізіп отырған Атырау облысында бірнеше балабақшаның, орта мектептердің, спорттық-сауықтыру кешендердің құрылысын қаржыландырды. Қалада Компанияның қаражаты есебінен салынған жабық жүзу бассейні жұмыс істеп тұр. Қызылорда облысындағы Талсуат кентінде 300 орынға арналған психоневрологиялық интернат үйінің құрылысының аяқталуын қаржыландыруға Компания атсалысты.

Биылғы жыл Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін мұнайшылардың тамашалауына үлкен мүмкіндік жасалды. ҚМГ БӨ орталық аппараты мен еншілес және тәуелді ұйымдарының әлеуметтік саясат құрылымдарының үйлесімді қызметінің арқасында бұл жұмыстар жоғары дәрежеде

атқарылды. ҚМГ БӨ-нің қаржылай қолдауымен еншілес және тәуелді ұйымдардың 6 мыңнан астам қызметкері 3 ай бойы көрмеге келді. «Барлық шығындарды Компания өзі көтерді – бұл арнайы чартерлік рейстермен ұшу келу мен ұшу кету, тұру, үш мезгіл тамақтану, көрмені тамашалау. Басқа да көптеген компаниялар өз қызметкерлеріне көрмені көрсетуге тырысты, ҚМГ БӨ қызметкерлеріне жасаған қолайлы жағдай ешкімде болған емес. Осы акцияны өткізудің нәтижелері бойынша біздің әлеуметтік құрылымдардың өзара жұмыс жасаудың жоғары деңгейін және жұмыстың өте жақсы сапалы орындалуын атап өткім келеді», – деді Б. Асқаров.

Жиын барысында, сондай-ақ бірқатар проблемалық мәселелер де сөз болып, оларды шешу жолдары мен алдағы уақытқа жоспарлар талқыланды. «Тәжірибе көрсетіп отырғандай, Компанияның қызметкерлері мен олардың отбасыларын әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша біздің жұмысымыз үнемі сапалы нәтиже көрсете бермейді. Өздеріңізге белгілі, біз арнайы комиссия құрып, балалар сауықтыру лагерлеріне кешенді тексеру жүргіздік. Комиссия жұмысының нәтижелері бойынша өз міндеттерін лайықты орындамағаны үшін «Өзенмұнайгаз», «Қаражанбасмұнай» және ҚазГӨЗ-дің жауапты қызметкерлеріне шара қолданылды», – деді ҚМГ БӨ Аппарат басшысы.

ҚМГ БӨ комиссияның ұсынымы бойынша демалыс үйлерінің, балалар лагерлерінің қызметтерін бір көзден сатып алу үшін Сатып алу ережесіне толықтырулар енгізу туралы ұсыныстармен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ атына хат жолданған. Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директорының нұсқаулығына сәйкес, ҚМГ БӨ-нің тиісті департаменті еншілес және тәуелді ұйымдар үшін қызметтерді көрсетуге типтік техникалық ерекшелік әзірлеп жатыр, оған сәйкес сатып алуға қосалқы мердігерлік ұйымдарды тарту алып тасталады. Яғни, демалыс қызметтерін көрсету жөніндегі шарттар тікелей ұйымдармен жасалады. Делдалдық құрылымдарды алып тастау біріншіден, компанияның шығындарын оңтайландыруға, екіншіден – қауіпсіздік пен қызмет сапасына бақылау жүргізу деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

«ҚМГ БӨ компаниялар тобы қызметкерлері балаларының жазғы демалыстары үшін лагерлер мен ұйымдарды таңдау рәсімдері де әзірленіп жатыр. Тағы бір ұсынысымыз бар, ол – кезекті жазғы демалысты ұйымдастыру кезінде кәсіподақ комитеттерін қатыстыру. Еншілес және тәуелді ұйымдар мен кәсіподақ комитеттері арасындағы тиісті



«Сіздер қойылған міндеттерді ойдағыдай орындап, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялары тобының тұрақтылығы мен өркендеуіне зор үлес қосатындарыңызға сенімдімін. Алдағы уақытта да компаниямызды одан әрі дамытып, жұмысымызды жақсарту үшін біз бірлесіп еңбек етейік»

меморандумның жобасы да әзірлену үстінде. Компанияның әлеуметтік саясатын жүзеге асыруда кәсіподақ комитеттерінің рөлін арттыруымыз керек. Бірқатар ұйымдарда мұндай тәжірибе қолданылады, онда компанияның салалық құрылымдардың міндетті қатысуымен кәсіподақ комитеттері әлеуметтік бюджеттік бағдарламалар операторлары болып табылады және мердігерлермен тікелей жұмыс жасайды. Бұл кәсіподақтың рөлін арттырады, корпоративтік мәселелердің шешіміне ықпал етеді», – деді Б. Асқаров.

ҚМГ БӨ Аппарат басшысы еншілес және қарасты ұйымдардың әлеуметтік бөлімшелердің жетекшілеріне шипажай-курорттық жолдамаларды үлестіру кестесін тексеруді, осы мәселе бойынша бұрын келіп түскен шағымдарды назарға алуды тапсырды. «Қажет болса, өз жұмыстарыңыздағы оң және жағымсыз тұстарды айқындау, оларды түзету мақсатында ұжымдарда компания тарапынан көрсетілетін әлеуметтік қызметтердің сапасы туралы сауалнама жүргізілсін. Тағы да бір жиі қойылатын сұрақтардың бірі, бұл міндетті медициналық сақтандыруды енгізу және компанияның әлеуметтік пакеті шеңберіндегі медициналық сақтандыру қызметтері. Өздеріңіз білесіздер, биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда жұмыс істейтін заңды тұлғалар, соның ішінде ҚМГ БӨ мемлекеттік медициналық сақтандыру қорына аударымдар жасайды. Денсаулық сақтау министрлігі хабарлағандай, МӘМС енгізу бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл ретте қызметкердің медициналық сақтандыруына қатысты Компанияның әлеуметтік міндеттемелері әлеуметтік пакеттің ажырамас бөлігі болып табылатынын және мемлекеттік медициналық сақтандырумен қатар бірге жүзеге асырылатынын атап айтқым келеді. Егер осы мәселеге қатысты жұмыскерлердің

сұрағы немесе алаңдаушылығы болса, тиісті түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Медициналық сақтандыру сияқты әлеуметтік қызметті қаржылай толтыруды Компания іске асыратынын қоса айтқым келеді», – деді Б. Асқаров. Сөзін қорытындылай келе, ҚМГ БӨ Аппарат басшысы Б. Асқаров компаниялар тобындағы әлеуметтік бөлімшелердің жоғары кәсіби деңгейін және жақсы жұмысын атап өтті. «Сіздер қойылған міндеттерді ойдағыдай орындап, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ компаниялары тобының тұрақтылығы мен өркендеуіне зор үлес қосатындарыңызға сенімдімін. Алдағы уақытта да компаниямызды одан әрі дамытып, жұмысымызды жақсарту үшін біз бірлесіп еңбек етейік», – деді.

Жиында биылғы жылдың ақпан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да Омбудсмен болып тағайындалған Бақыт Иманғалиев осы саладағы қызметтің барысы, міндеттері туралы баяндады. Компанияда адам құқықтары жөніндегі уәкілге хабарласу үшін 8700 700 99 00 сенім телефоны да іске қосылғаны белгілі.

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Әлеуметтік саясат және шаруашылық қамтамасыз ету департаменті Аутсорсинг секторының аға инженері Анаргүл Жақсиева Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы сөз етіп, оның маңызы және артықшылықтары туралы айтып өтті. «Бүгінгі күні еңбек нарығында жоғары білікті мамандарды тартуда басымдылық ретінде жұмыс берушілердің бір бөлігі ғана өз қызметкерлеріне медициналық сақтандыруды қоса алғанда, толық әлеуметтік пакетті ұсына алады. МӘМС енгізілуімен аталған әлеуметтік пакет мейлінше кеңейе түседі, біздің қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері үшін қолжетімді және жан-жақты артықшылық болады», – дейді Анаргүл Жақсиева.

Форум барысында еншілес және қарасты компаниялардың әлеуметтік саясат саласындағы биылғы жылы атқарылған жұмыстары тыңдалды. Жиын аясында КИМЭП университетінің оқытушысы, психологиялық ғылымдарының докторы Ләйлә Ақылбекова сала мамандарына арнап тренинг өткізді.

Әлеуметтік салада ұзақ жылдардан бері табысты еңбек етіп келе жатқан мамандарға «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директоры Қ. Есқазиевтің Алғыс хаты салтанатты түрде табысталды.



# Бағымызға ашылған балабақша



«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ өз қызметін жүргізіп отырған Атырау өңірінің әлеуметтік-инфрақұрылымдық дамуына қолдау көрсетіп келеді. Компания тарапынан балабақша, мектеп, спорт нысандары және әлеуметтік көмек, демеушілік көрсетілуі тұрғындардың ризашылығын туғызып отыр. Атырау облысы, Исатай ауданы, Х.Ерғалиев ауылында жуырда 100 орындық типтік үлгідегі жаңа «Айжұлдыз» балабақшасы ашылған болатын. Бұл ауыл тұрғындарының көптен күткен қуанышы еді. Жаңа нысанның бой көтеруіне «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қаражат бөліп, демеушілік жасады. Балабақша бүгінде толыққанды жұмыс жасап жатыр. Ауыл тұрғындары мен ата-аналардың қуанышы ерекше. Жас аналар енді үйде отырып қалмай, еңбекке араласуына мүмкіндік алса, ал сәбилер жаңа ғимаратта білікті мамандардан білім мен тәрбие алуға.



## Атырауда қос спорт кешені пайдалануға берілді

Атырау қаласына қарасты Ақсай және Атырау ауылдық округтерінде жаңадан спорт кешендері бой көтерді. Бұл қос нысан да «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қаражатына салынып отыр. Бүгінде мұнда балалар бірнеше спорт секциялары бойынша жаттығуларын бастап кетті. Кешендер қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Ақсайдағы спорт кешенінің меңгерушісі Бегалиева Алтынның айтуынша, мұнда кикбоксинг, қазақ күресі, дзюдо, еркін күрес, самбо, таэквондо, үстел теннисі, алдағы уақытта жеңіл атлетика, грек-рим күресі, велоспорт түрлері бойынша 400 жас жаттықпақ. Спорт кешенінде Ақжар, Ақсай, Бесікті, Талғайраң елді мекендерінің балалары келіп жаттығуда. Екі баланың анасы Алтынның өзі кикбоксинг жаттықтырушысы, бала күнінен осы спорт түрін ұнатып, ақыры өз жолын тауып, мамандығы бойынша еңбек етуде. «Балалардың спортқа деген құштарлығы күшті, тек ер бала емес,

қыздар да көптеп келуде. Болашақта олардан жақсы, атақты спортшылар шығып жатса, мерейміздің өскені», – дейді ол.

**Саясат Рахметов, Ақсай ауылдық округі қоғамдық кеңесінің төрағасы:**

– Жер ырыздығы – мұнайымыздың арқасында еліміз өркендеп, дамып келеді. Сол мұнайдың иігілігін енді жас өркендеріміздің көруі де түсінген жанға асқан қуаныш. Ауылға қарасу, ауылдың көсегесін көгертуге жұмыстану қай басшының да, қай отандық-шетелдік мекеменің де ойынан кетпеуі тиіс іс деп білемін. Ауыл өссе, еліміз өркендейді. Спорт кешені – бұл үлкен сый, ауылға жасалған зор қамқорлық. «Дені саулық – жаны сау» дейді дана халқымыз. Спортқа құмартқан балаларымыздың қуанғанын көріп, біздің жүрегіміз елжіреді, бірге қуандық. Ғимараттың бой көтеруіне мұрындық болған отандық Компаниямызға ел алғысын жаудырып жатыр. Игілік жалғаса берсін!



– Мұнда ауыл ішімен өтетін Бақсай өзенінің екі бетіндегі тұрғындардың балалары келеді. Қазір балабақшада 1,5-5 жас аралығындағы 25 баладан 4 топ жұмыс жасауда. Жоғары және орта білімді мамандар, тәрбиешілер, әдіскерлер, психолог, дене шынықтырушы, музыкант, медбике, аспаздар, техникалық қызметкерлер, жалпы барлығы 45 адам осы балабақшаның ашылуы арқасында жаңа жұмыс орнымен қамтылып отыр. Халық өте риза, – дейді балабақша меңгерушісі Алма Уалиева.

**Сәуле Төлепбергенова, ата-ана:**

– Балабақша қазіргі заман талабына сай салынғандығы көрініп тұр, балдырғандардың жан-жақты өсуіне, тәрбиеленуіне барлық

жағдай жасалған. Бұрын ауылда 50 орындық қана балабақша болатын, енді 100 орындық бақшаның салынуына қаражат бөліп, осы елдің тұрғындарына үлкен қамқорлық жасаған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-на тұрғындар, ата-аналар атынан алғысымыз шексіз. Еліміз өркендеп, мұнайымыз көп болсын!

**Ақбота Құлмәжитова, жас маман:**

– Мен Х. Досмұхамбетов атындағы университетті биыл ғана бітірген едім, «іздегенге сұраған» дегендей, менің бағымға балабақша ашылып, өз мамандығым (мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бойынша жұмысқа қабылдандым. Өте қуаныштымын, Рахмет, мұнайшыларға!



Атырау ауылдық округінде де спорт кешені іші толған бала, бірі жүгіріп, бірі секіріп, бәрі қимыл-қарекет жасауда. Ғимараттың екінші қабатындағы бокс және күрес залдарында да балалар жаттығуда. Кешен меңгерушісі Ахмед Шекеновтің айтып өткеніндей, Жайық бойын жайлаған бұрынғы 4 колхоз – Жамбыл, Қызылбалық, Құрманғазы, Амангелді ауылдарының 300-ден аса балалары кешенге келіп, бокс пен еркін күрес, қазақ күресі спорт секциялары бойынша жаттығуда. Олардың ішінде қалалық, облыстық, халықаралық жарыстардың жүлдегерлері де бар. Кешенде алда спорт секциялары санын арттыру да көзделіп отыр екен. Еркін күрестен аға жаттықтырушы Қанат Жексемалының айтуынша, мұнда 8-ден 18 жасқа дейінгі балалар келіп жаттығады. 7 жаттықтырушы еңбек етеді. Бұрын мектептің спорт залымен ғана шектелген жаттығулар енді барлық жағынан жарақтандырылған кең спорт кешенінде жалғасуда.

**Санжар Құрмет, еркін күрестен облыс чемпионы:**

– Мен күреспен 8 жасымнан бері айналысып келемін, көптеген жарыстарға қатысып, жүлделер де алдым. Енді міне, өзімнің туған ауылымда зәулім спорт кешені бой көтерді, қаладан қашықта тұратындықтан, бұл біз үшін ауылға өте қажет нысан. Енді осында жаттығып, спорт додаларына тыңғылықты дайындала аламыз.

**Майра Есқайырова және Құрманай Тілешова:**

– Біз әрі ата-ана, әрі осында қызметкерміз. Кешеннің салынуы бізге екі жақты қуаныш сыйлады. Балаларымыз спортпен айналысса, біз жұмыс таптық. Бүкіл ауыл осы нысанға, балалардың бірнеше спорт түрлерімен айналуына мүмкіндік алғанына ерекше қуануда. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Компаниясына рахмет, қашан да елдің алғысын ала берсін!

# ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ

## АО «Озенмунайгаз» стала для нас основой постоянного улучшения!

➤ Во исполнение Приказа генерального директора АО «Озенмунайгаз» Абайыддина Б.К. «О проведении сертификационного аудита интегрированной системы управления» в период с 13 по 15 сентября согласно утвержденному графику в АУ АО «Озенмунайгаз» (ЦИТС, ДГиГ, ДБиКРС, ДАНТИС, ДНОТ, ДБиЭА) и в ПСП УПТО и КО, УХиЭ, УПН и ПО была проведен сертификационный аудит.

Цель данного аудита: определить соответствие деятельности, проводимой указанными структурными и производственными структурными подразделениями Общества, требованиям международных стандартов ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 50001:2011, OHSAS 18001:2007 и требованиям внутренних нормативных документов интегрированной системы управления.

Аудит был проведен главным аудитором Международного Сертификационного органа «Тюф Норд» Павлом Фещенко.

На производственных объектах ПСП УПТО и КО, УХиЭ, УПН и ПО АО «Озенмунайгаз» проведена проверка выполнения требований ИСУ и энергетического менеджмента. Со стороны главного аудитора была дана положительная оценка выполнения требований международных стандартов.

В соответствии со статьей 10 закона Республики Казахстан от 13 января 2012 г. №541-IV «Об энергосбережении и повышении энергоэффективности», система энергетического менеджмента ISO 50001 в АО «Озенмунайгаз» внедряется уже с начала 2014 года. В 2014 году данная система была внедрена в НГДУ-1 и 3, УУЭН, в 2015 году – в НГДУ-2 и 4, УПН и ПО, в 2016 году – в УОС-1, 2, УТТ, УОС-5 и в 2017 году – в УПТО и КО, УХиЭ и УАТ.

В 2018 году разработка и внедрение системы энергетического менеджмента запланировано в УОС-3, УРНО и ТК, УБР и КУЦ, а система менеджмента качества по новым версиям международных стандартов ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45000 (OHSAS 18001:2007) – в НГДУ-2, 3, 4, УУЭН.

Если в 2016 году ресертификационный аудит проводился на соответствие требованиям международных стандартов ISO 9001, ISO 14001 издан-

ным в 2008 году, то этот аудит был направлен на выполнение требований этих же стандартов 2015 года. Отличие в том, что в новых версиях стандартов ISO 9001, ISO 14001 включен раздел по внедрению системы «Управления рисками», которая введена в действие в АО «Озенмунайгаз» с 2016 года. В апреле 2017 года решением Совета директоров АО «Озенмунайгаз» утверждены 10 ключевых рисков, а также план мероприятий по управлению рисками. В настоящее время проводится работа по исполнению установленного плана мероприятий.

Как известно, управление рисками – это прогнозирование неблагоприятных событий и предотвращение возможных потерь при их реализации, а также установление и реализация неиспользованных возможностей.

По итогам аудита главным аудитором были даны положительные оценки ряду процессов. Было отмечено, что интегрированная система управления хорошо документирована, работает результативно и эффективно. Сотрудники АО «Озенмунайгаз» хорошо знают и выполняют требования системы качества и ее документацию. Большая часть деятельности сотрудников интегрирована в работу системы качества, в связи с чем сотрудники не делают различий между своей деятельностью и работой системы качества, что является положительным моментом.

Также было отмечено, что система энергоменеджмента в УПТО и КО и УХиЭ налажена. В частности, был проведен оценочный (диагностический) энергоаудит системы энергосбережения, создана Рабочая группа, назначен представитель руководства по энергоменеджменту, разработана и утверждена процедура, а также проведено обучение основам энергоменеджмента.

По итогам данного аудита, в ближайшее время по выявленным рекомендациям со стороны Международного Сертификационного органа «Тюф Норд» будет выдан отчет, по которому будет составлен План мероприятий для повышения эффективности интегрированной системы управления и энергетического менеджмента.

В 2018 году планируется проведение наблюдательного (надзорного) аудита согласно требованиям новых редакций международных стандартов ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45000 (OHSAS 18001:2007) в АУП, НГДУ-1, УПНПО и проведение сертификационного аудита в НГДУ-2, 3, 4, УУЭН по вышеназванным стандартам.

Также хотелось бы отметить, что документация в АО «Озенмунайгаз» находится в управляемом состоянии. Постоянно ведется работа по поддержке ИСУ в рабочем состоянии и повышению ее результативности. Документация ИСУ включает в себя следующие документы:

- Политика АО «Озенмунайгаз» в области качества, энергоменеджмента, охраны окружающей среды, охраны здоровья и безопасности труда;
- Политика управления рисками АО «Озенмунайгаз», утвержденная в 2017 году;
- Цели АО «Озенмунайгаз» в области качества, безопасности здоровья, охраны труда, окружающей среды и энергетического менеджмента на 2017 год;

- Руководство по ИСУ АО «Озенмунайгаз»;
- Внутренние нормативные документы АО «Озенмунайгаз» в количестве 498 ед. Это должностные инструкции работников АУ АО «Озенмунайгаз», методики, правила, положения, программы, процедуры, рабочие инструкции;



- Внешние нормативно-технические документы в количестве 1220 ед. (ГОСТ, СТ РК).

В целях предотвращения непреднамеренного использования устаревших, неактуальных документов, вся нормативно-техническая документация (ГОСТ, СТ РК) проходит актуализацию. Это позволяет экологической мониторинговой лаборатории УХиЭ, поверочной лаборатории УАТ и центральной лаборатории физико-химического анализа нефти и воды ЦППН УПН и ПО ежегодно проходить аккредитацию, согласно требованиям СТ РК 7.19-2008 «Аккредитация лабораторий. Область и диапазон аккредитации» Национального центра аккредитации. Аккредитация поверочных лабораторий устанавливает требования и порядок определения выполняемых работ по стандартным методам.

Документация ИСУ, регламентирующая внутреннюю деятельность АО «Озенмунайгаз», утверждается Правлением Общества. Утверждаемая документация ИСУ своевременно доводится до сведения работников АО «Озенмунайгаз» и вносится в электронную базу «Лотус Нотус». База «Лотус Нотус» доступна для всех работников АО «Озенмунайгаз», документооборот всегда в управляемом состоянии.

Также в каждом производственно-структурном подразделении АО «Озенмунайгаз» имеются их внутренние нормативные документы, описывающие способ осуществления процесса.

Имеются также технологические документы, содержащие информацию о последовательности выполнения процессов по сервисному обслуживанию УЭЦН, по эксплуатации установок предварительного сброса воды (УПСВ-1) «Плато», по эксплуатации модернизированных групповых установок МГУ на месторождениях Узень и Карамандыбас АО «Озенмунайгаз», блочной кустовой насосной станции (БКНС). Имеется также информация по подготовке водонефтяной эмульсии на установке труднорастворимой нефти (УТРН), по диагностике и ремонту подземного оборудования (НКТ, ШН, ШГН) АО «Озенмунайгаз» на территории НГДУ-1, 3, по безопасной эксплуатации при обслуживании объектов газового хозяйства НГДУ и т.д. На данный момент по видам деятельности АО «Озенмунайгаз» имеются 73 технологических документа.

В случае проверок государственными контролирующими органами в области качества, энергоменеджмента, охраны окружающей среды, охраны здоровья и безопасности труда, вся документация АО «Озенмунайгаз» соответствует требованиям доступности, пригодности, изложения, оформления и содержания. Это говорит о том, что все документы ИСУ АО «Озенмунайгаз» приведены в соответствие требованиям международных стандартов. Документация ИСУ по курируемым

направлениям разработана компетентными сотрудниками АО «Озенмунайгаз», которые имеют соответствующее образование, подготовку и большой опыт в нефтегазовой отрасли.

С момента внедрения ИСУ особое внимание уделялось порядку складирования, хранения химических материалов, химических реагентов, используемых в технологии добычи нефти и газа, черных, цветных металлов, хранения горючесмазочных материалов, баллонов с горючими и взрывоопасными газами и т.д. На сегодняшний день, все необходимые требования по складированию и хранению товарно-материальных ценностей соответствуют внутренним процедурам АО «Озенмунайгаз», что в свою очередь позволяет избежать штрафов со стороны контролирующих органов.

Хотелось бы отметить, что построенная система энергетического менеджмента ISO 50001 дала нам возможность постепенно снижать затраты на энергопотребление. С помощью внедрения новой транспортной спецтехники, с учетом экологического стандарта Евро-4, минимизированы выбросы вредных веществ в окружающую среду, усовершенствована управленческая процедура производственными процессами и произведен своевременный их мониторинг в соответствии с показателями.

Такие нововведения, как замена прожекторов лампы накаливания на светодиодные светильники, отключение силовых трансформаторов бездействующих СКН, замена мало нагруженных электродвигателей мощностью 75 кВт на 55 кВт, внедрение интеллектуальных скважин с системой диспетчерского контроля «ИСУ ШГНУ» позволили значительно увеличить энергоэффективность и снизить затраты на энергопотребление. Сама работа стала соответствовать требованиям международного стандарта ISO 50001.

Интегрированная система управления в АО «Озенмунайгаз» поддерживается в рабочем состоянии на уровне всех дочерних организаций АО «РД «КазМунайГаз».

В заключении хотелось бы отметить, что наша система менеджмента в области качества, энергоменеджмента, охраны окружающей среды, охраны здоровья и безопасности труда стала для нас основой постоянного улучшения. Система дала нам возможность анализировать требования потребителей, определять процессы, управлять этими процессами на должном уровне, а также поставлять нашу товарную нефть полностью соответствующую требованиям международного стандарта ГОСТ 51858.

**Карлыгаш Аманшиева,**  
Инженер службы качества  
АУ АО «Озенмунайгаз»

### ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ!

#### Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты [report@seehearspeakup.co.uk](mailto:report@seehearspeakup.co.uk) или на сайте

[www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report](http://www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report), также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:  
8 800 333 3574

для казахскоговорящих:  
8 800 333 4233

для англоговорящих:  
8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

**Сотрудникам гарантируется анонимность и конфиденциальность.**

# АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАРДЫ ЖАҢАРТУ ЖОСПАРЛАНДЫ

➤ Серіктестіктің арнайы техникалары 10 жылдан астам уақыт пайдалану мерзімін өтсіп, амортизациялық қуны толықтай өтсіп, тозығы жеткендіктен жаңартуды қажет етуде.

Барлық техникаларды жаңарту бір жылдың шеңберіне сыймайтындығына қарамастан, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС-і басшылығы арнайы техникаларды 2017-2018 жылдар аралығында жаңартуды көздеп, бір жылдық мерзімді қажет ететін жоспарды бекіткен болатын. Аталған жоспар «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ы басшылығы тарапынан қолдау тауып қаржы бөлінді. Ол қаражатқа «Кен-Құрылыс-Сервис» мекемесіне 25 дана арнайы техника сатып алу жоспарланып отыр.

Атап айтқанда, төмен рамалы тіркеме (трал) – 1 дана, европалық заманауи дизельді дәнекерлегіш агрегат – 2 дана, жартылай автоматты дәнекерлегіш агрегат – 8 дана, экскаватор - жүк тиегіш – 1 дана, 25 тонналық автокран – 1 дана, гидравликалық металл

иетін машина – 1 дана, металл иетін станок – 2 дана, бұрғылау-кран машинасы – 1 дана, құбыр салу көлігі (кранның жебесі 7 метр) – 2 дана, Италиядан шыққан өзін-өзі тиеуші бетон дайындауға арналған заманауи техника Camix 3,5 TT – 1 дана.

Сондай-ақ, бетонды бұйымдар үшін: іргетас блоктарын дайындайтын құю қалыбы – 21 дана, жол плиталарын дайындайтын құю қалыбы – 2 дана, бетон сақиналарын дайындайтын құю қалыбы – 2 дана.

«Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігі басшылығы арнайы техникаларды жаңалауды өндірісті алға қарай дамытудағы алғы шарт ретінде назарда ұстап, көліктерді жаңарту үстінде. Жаңа техникамен мұнай өнімділігінің анағұрлым артатыны сөзсіз.



## «КЕН-ҚҰРЫЛЫС-СЕРВИС» ЖШС Қызмет аясы кеңейді

➤ Осы жылдың 10 сәуірінде «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының директорлар кеңесі шешімімен «Кен-Құрылыс-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Атырау облысы филиалы құрылды. Филиал директоры болып Аманқұл Өміров тағайындалды.

Атырау облысы филиалының негізгі қызметі «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамына қарасты «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты кен орындарында сұйықтықты жинау және тасымалдау жүйесін қайта салу және ұңғыларды жайластыру бойынша құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

«Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігінің Атырау облысы филиалында 4 құрылыс-құрастыру және жол жұмыстары учаскелері бар. Филиалдың кеңсе және қоймалық ғимараттары «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының өндірістік-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтарды жинақтау басқармасы аумағында орналасқан. Филиалдың өзіне тиесілі: 54 орындық жатақхана, 10 жұмыс орнына кеңселік ғимарат, кептірмесі бар монша және қоймасы орналасқан қоршалған өндірістік базасы бар.

Сонымен қатар 2018 жылы өзінің өндірістік қуаттарын, сондай-ақ құрылыс-құрастыру жұмыстарының сапасын нығайту

және жаңарту мақсатында, филиалға автокөлік құралдарының негізгі түрлерін және дәнекерлеу жабдықтарының анағұрлым заманауи түрлерін сатып алу үшін қаражат бөлу жоспарлануда.

– Сұйықтықты жинау және тасымалдау жүйесін қайта салу және ұңғыларды жайластыру бойынша негізгі өндірістік нысандардан басқа, жоспарда автожолдар салу және Кенбай кен орнында 100 орындық жатақхананың модульдік ғимараттарын салу, С. Балғымбаев кен орнында 150 орындық және Қисымбай кен орнында 50 орындық асхана салу қарастырылған, – дейді серіктестіктің алдағы жоспарларымен бөліскен филиал басшысы Аманқұл Өміров.

Атырау филиалының ұжымы, бүгінгі таңда өзінің негізгі тапсырыс берушісі «Ембімұнайгаз» АҚ алдында шарт міндеттемелерін дер кезінде орындауға барынша күш салуда, бұл келешекте серіктестікке негізгі стратегиялық серіктес ретінде қарап, өзара қарым-қатынасының нығаюына және ұжым аясында болашақ дамуға деген сенім ұялатуға мүмкіндік береді.



# Мұнайшы шығармашылығы



**Сәрсембаев Сырымбек Жақсыбекұлы** – айтыскер ақын. 1983 жылы 12 наурызда Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласында дүниеге келген. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін 2005 жылы тарихшы-әлеуметтанушы мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірген. Айтысқа 2004 жылдан бастап қатысып, барлығы 50-ге тарта халықаралық, республикалық, аймақтық айтыстарда жеңімпаз және жүлдегер атанды. 2006 жылы Маңғыстау облысындағы Форт-Шевченко қаласының 160 жылдығына арналған республикалық айтыста бас жүлдені иеленіп, Орал қаласында өткен «Ана тілім – айбарым» атты ақындар айтысында 2-орын иегері атанған. 2012 жылы Алға қаласының 50 жылдығына және Әбубәкір Кердері бабамыздың мерейтойына арналып, дүбірлі додаға айналған үлкен республикалық айтыста жүлделі 1-ші орынды жеңіп алды. 2008 жылы Қазақстан ұлттық телеарнасы ұйымдастырған «Аламан айтыс» тележобасында ширек финалға дейін жетіп, айтыс қорытындысында «Арқалы ақын» арнайы номинация жеңімпазы атанды. 2017 жылы Талдықорған қаласында өткен «Рухани жаңғыру» атты республикалық ақындар айтысында жүлделі 3-орын, батыс аймақтық ақындар айтысында 2-орын алды. Мұнайшылар тарихынан сыр шертетін «Прорва перзенттері» атты тарихи-танымдық кітапты шығаруға атсалысқан. Бүгінде «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің маманы болып қызмет атқарады. Төменде айтыскер ақынның бірнеше өлеңін ықшамдап ұсынып отырмыз.

## ПІР БЕКЕТ АТА

Мүмкін, мүмкін ұқсамайтын басқаға,  
Ақмешітте туылғанда жас бала.  
Ешкім сірә, ойламаған шығар-ау,  
Болады деп үлкен іске бастама.

Бекет ата – елге сыйлы ұлы адам.  
Уағыз айтса дүйім жұртқа ұнаған.  
Күмәнменен шек келтіріп кезінде,  
Адамдар аз болмапты сынаған.

Бекет ата асатаяқ ұшымен,  
Қуаты бар қара сөздің сұсымен.  
Өсиетті түсінбейтін пендеге,  
Қасиетін дәлелдеген күшімен.

Ағымдарға жоламастан күдікті,  
Серік қылып өміріне үмітті.  
Бекет атам шәкірт болған ұзақ жыл,  
Білім алып ұстаздардан білікті.

Жақсы істің табамын деп жалғасын,  
Үлкен міндет мойнына алғасын.  
Ата есімі Алты Алашқа жайылды,  
Мешіт ашып, медресе салғасын.

Тұмар таққан жүрегіне намыстан,  
Ұрандатқан елді бастап арыстан.  
Бекет ата – ұйытқысы ұлтымның,  
Алты Алашқа аты мәлім данышпан.

Ешкім қарсы тұра алмайды алыпқа,  
Қыын – қыстау қатері көп нарық та.  
Адалдықты уағыздайтын әрқашан,  
Пір тұтатын адам қажет халыққа.

## ИМАНДЫЛЫҚ ЖОЛДАРЫ

Арамдықтың жеңем десең індетін,  
Жаратқанға болса егер құрметің.  
Құранда да парыз деген пендеге,  
Бір Аллаға мадақ айту міндетің.  
Абыройлы адам болу ұлы ұғым,  
Лайламай тектіліктің тұнығын.  
Бірақ тағы таң қаласың өмірде,  
Көрген кезде кей адамның қылығын.  
Бай болса да артық табар керегін,  
Ағайынға бере алмайтын көмегін.  
Адамдардың таң қаламын ісіне,  
Көлігімен өлшейтұғын беделін.  
Мұсылманға қойылатын бар талап,  
Өмір бойы жүре алмайсын шалқалап.  
Машинамен о дүниеге бармайсың,  
Коттеджіңді шығыңа арқалап.  
Ақиқаттың құлақ салсаң үніне,  
Дүнианың жете алмайсың түбіне.  
Сенің қарның тойғанынан не пайда,  
Қараспан қарындас пен ініңе.  
Байысаң да тәубенді айтып құнықта,  
Бір Аллаға мадақ айтып ұлықта.  
Тоқ кезінде кеудеңе нан пісірмей,  
Жоқ күнінде көргеніңді ұмытпа.  
Жаңылыспа жолықса да неше сын,  
Имандылық таза ұста көшесін.  
Жақсылардан көмегіңді аяма,  
Алла өзі толтырады есесін.



Мұнай саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлер арасында өнерімен, шығармашылық қабилеттерімен танылып жүрген жандар аз емес. Солардың бірі 1983 жылдан бері мұнай саласында жұмыс істейтін Жаңаөзен қаласының тұрғыны **Рамила Аманжолова**. Ол төрт қыздың анасы, үш немеренің әжесі. Редакцияға жолдаған хатында өзінің бала кезінен өлең жазуға құмар болып өскенін жазыпты. Газетіміздің өткен сандарының бірінде біз Рамиланың бір өлеңін жариялаған едік. Бұл назарларыңызға ұсынылып отырған екінші өлеңі. Сіздердің әрқайсыңыз жұмыстан тыс уақытта айналасатын өзіңіздің сүйікті кәсібіңіз болса, ол туралы газет редакциясына жолдауларыңызға болады.

## НАҒАШЫ АУЫЛЫ

Маңғыстау ата жұрты  
нағашымның  
Тамыпты кіндік қаны анашымның  
Көтеріп аманатын бабалардың  
Келеді алға басып жайсаң халқым!  
Маңғыстау ата жұрты  
нағашымның  
Өтіпті жастық шағы анашымның  
Еркелеп мың құбылған табиғатпен

Жетімті сыр сандығы ғасырлардың  
Маңғыстау ата жұрты нағашымның  
Сыңсу сап ұзатыпты анашымды  
Киелі тасы, құмы, топырағы  
Алыстан мен мұндалап шақыратын  
Маңғыстау ата жұрты нағашымның  
Назы мен сағынышы анашымның  
Тербелген толқындармен сұлу Каспий  
Төріне аққу құсын қондыратын.

Рамила Аманжолова  
мұнайшы

## «ФОТОЭТЮД»

## Мұнайлы өңір



Фото авторы Марат Оразбаев, «Қаражанбасмұнай» АҚ  
Әлеуметтік жұмыс департаментінің аға маманы



## Сарайшық сапары

Биылғы күз ембілік зейнеткерлер үшін танымдық бағыттағы жемісті кезең болды. Әуелі Ақмешітте, содан соң Бекет ата қорымында, одан соң көне қала Сарайшықта болып, қасиетті орындардан жақсы әсер алдық. Қазақ даласындағы ең көне тарихи орындардың бірі – Сарайшық қаласы киелі орындардың бірі ғой. «Хан ордалы Сарайшық» мемориалды кешенінің директоры Молдаш Бердімұратовтың айтуынша, бұл топырақта есімдері елге жайылған 12 әулие мәңгілік тыныс тапқан. Жеті ханның сүйегі, бір ханның басы жатыр. Мөңке Темір, Тоқтау, Жәнібек,

Өмір Оқас, Қасым хан, Шейх Мамай, Жүсіп хандарға арналып жеті құлпытас қойылған Аңыздарда Едіге мен Ер Тарғын батырлардың да осында жерленген. Молдаш аға қала тарихы, Алтын қайық, Секер көл, т. б. туралы әсерлі әңгімеледі, көңіл қойып, тыңдай бергің келеді. Осындай тарихи жәдігерлеріміз бүгінгі жас ұрпаққа аманат. Шежірелі орынға баруға көлікпен қамтамасыз еткен «Жайықмұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» басқарма басшыларына көптен көп рахмет!

Зоя Мұхамеджанова,  
ӨТҚЖЖК зейнеткері

### МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ  
ГАЗЕТ Қазақстан Республикасы  
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде  
есепке қойылып, № 6668-Г кәулігі берілген.

### МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,  
Қабанбай Батыр даңғылы, 17 үй,  
11 қабат, 1102 бөлме.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «Мұнайлы мекен» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

### ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

БАҚДӘУЛЕТ ТӨЛЕГЕН – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ  
ЖҰМАГҰЛ ТЕМИРҒАЛИ – Zh.TEMIRGALI@KMGEP.KZ  
БИБІГҮЛ БӨБЕКБАЙ – PSDSO@UMG.KMGEP.KZ  
ЛАУРА СУЛЕЙМЕНОВА – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ  
ҒАЛИЯ ҚАРАЖАНОВА – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ  
ҚОСҰЙЫМ МҰҚАШЕВ – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ  
АЛТЫНГҮЛ ӘЛІШЕРОВА – A.ALISHEROVA@KGM.KZ  
ЖАҢАГҮЛ СЕРІКОВА – Zh.SERIKOVA@KMGEP.KZ  
ДИАНА ҚАЛҚАМБЕКОВА – D.KALKAMBKOVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС

Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17  
Тел.: +7 (7132) 21 19 30